

Байқау кеңесінің мүшелеріне  
Шымкент қаласының  
білім басқармасының  
«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72  
жалпы орта білім беретін мектебі»  
ШЖҚ МКК

**Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов  
атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК  
Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне**

*«Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов  
атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-ның  
2022-2026 жылдарға Даму жоспарын жасасу туралы» мәселесіне*

**ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

Шымкент қаласының әкімдігінің 11.11.2022 жылғы №2314 қаулысына сәйкес Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - кәсіпорын) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз құзыреті шегінде кәсіпорын қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы – Байқау кеңесі енгізілді.

Байқау кеңесі қызметінің негізгі мақсаты кәсіпорынның жұмыс істеуіне және кешенді дамуына жәрдемдесу, оның ішінде тиімділік тұрғысынан кәсіпорын қызметін талдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпанындағы №14 бұйрығымен бекітілген мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына сәйкес 2-тарау 10-тармақ шаруашылық жүргізу құқығындағы МК даму жоспары тиісті саланың уәкілетті органымен немесе Байқау кеңесінің қорытындысын ескере отырып, жергілікті атқарушы органмен бекітеді.

Ұйымның даму жоспары 1-қосымшаға сәйкес құрылымына, нысандарына, көрсеткіштеріне сәйкес тізілімнің веб-порталы арқылы әзірленеді 2,3,4,5,6,7,7-1,7-2,8,9,10,11,12 және 13 осы қағидалар мыналарды қамтиды:

- Даму жоспарының құрылымы/ұйымның даму жоспарының орындаруы туралы есеп;
- Ұйымның паспорты;

- Корпоративтік құрылым;
- Қызметтің негізгі бағыттары (мақсаттары, міндеттері және негізгі көрсеткіштері, іске асыру бағдарламасы);
- Қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері (қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері, кірістер, ақшалай қаражат республикалық бюджет қаражаты есебінен өнімдерді өткізу, шығыстар, Инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, үлестік құралдарды сатып алу);
- Қосымша көрсеткіштер (алып жатқан алаң және автокөлік, қарыз алу құрылымы, уақытша бос ақшаны орналастыру).

Даму жоспары бес жылдық кезең шеңберіндегі жылдар бойынша бөлінген қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерін көрсетеді. МК даму жоспарының орындалуы бойынша есепті бекіту веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның жыл сайынғы даму жоспарларының жобасы жоғарыда аталған бұйрықтың 1-13-қосымшаларына сәйкес құрылымына, нысандарына, көрсеткіштеріне сәйкес әзірленеді.

**Негізгі қаржылық көрсеткіштер:**

**Кірістер- 1 813 607,0 мың теңге; оның ішінде:**

Білім беру қызметтерін көрсетуден түскен табыс- 1810892,0 мың теңге;

Басқа қаржылық кірістер (банктен сыйақы)- 2 715,0 мың теңге.

**Шығыстар – 1 813 607,0 мың теңге, оның ішінде:**

2022 жылғы 01 қаңтардан бастап мұғалімдерге және техникалық персоналға орташа айлық жалақының 25%- ға және 23%-ға өсуін ескере отырып, 1 520 340,0 мың теңге сомасындағы жалақы.

Өтемақы төлемдері- 69 937,0 мың теңге.

Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар – 196400,0 мың теңге сомасында.

Басқада тауарларды сатып алу- 6 916,0 мың теңге сомасында.

Коммуналдық қызметтер сомасы- 29 235,0 мың теңге;

Байланыс және Интернет қызметтеріне – 3 324,0 мың теңге;

Өзгеде қызметтер мен жұмыстар – 16 795,0 мың теңге сомасында;

Ел ішіндегі іс-сапар шығыстары – 838,0 мың теңге;

**Қаржылық нәтиже (пайда) – 2715,0 мың теңге.**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК (бұдан әрі-кәсіпорын) байқау кеңесі туралы ережеге сәйкес, кәсіпорынның байқау кеңесіне Даму жоспарының жобасына қорытынды беру туралы мәселені қарастыру және сәйкес шешім қабылдау ұсынылады.

### **Мәселені шығарудың негізі:**

Қазақстан Республикасы Заңының 148-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығымен бекітілген ШЖҚ МКК байқау кеңесін құру қағидаларының 4-тармағы.

*Қосымша: кәсіпорынның Байқау кеңесінің 1-парақтағы Шешім жобасы*

**Мектеп директоры**



**Б.Н.Усманов**

**Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК**

**Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің**

*«Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-ның 2022-2026 жылдарға даму жоспарын жасасу туралы» мәселесі бойынша*

**ШЕШІМІ**

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 148-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығымен бекітілген ШЖҚ МКК байқау кеңесін құру қағидаларының 4-тармағымен және кәсіпорынның Жарғысымен байқау кеңесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) Жергілікті атқарушы органға осы хаттамаға сәйкес кәсіпорынның 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспарының жобасына қорытынды берілсін.

2) Белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

**Мектеп директоры**



**Б.Н.Усманов**

Шымкент қаласы білім басқармасының  
«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72  
жалпы орта білім беретін мектебі»  
ШЖҚ МКК

Байқау кеңесі отырысының  
30.01.2023 жылғы Хаттамасына  
№ 1 қосымша

**Шымкент қаласы Білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов  
атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-ның  
2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспарының жобасына  
ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпанындағы №14 бұйрығы 10-тармағына «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» сәйкес кәсіпорынның 2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспары әзірленді.

Кәсіпорынның Даму жоспарының жобасы жоғарыда аталған бұйрықтың 1-13 қосымшаларына сәйкес құрылымына, нысандарына, көрсеткіштеріне сәйкес әзірленді.

**Негізгі қаржылық көрсеткіштер:**

**Кірістер- 1 813 607,0 мың теңге; оның ішінде:**

Білім беру қызметтерін көрсетуден түскен табыс- 1810892,0 мың теңге;

Басқа қаржылық кірістер (банктен сыйақы)- 2 715,0 мың теңге.

**Шығыстар – 1 813 607,0 мың теңге, оның ішінде:**

2022 жылғы 01 қаңтардан бастап мұғалімдерге және техникалық персоналға орташа айлық жалақының 25%-ға және 23%-ға өсуін ескере отырып, 1 520 340,0 мың теңге сомасындағы жалақы.

Өтемақы төлемдері- 69 937,0 мың теңге.

Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар – 196400,0 мың теңге сомасында.

Басқада тауарларды сатып алу- 6 916,0 мың теңге сомасында.

Коммуналдық қызметтер сомасы- 29 235,0 мың теңге;

Байланыс және Интернет қызметтеріне – 3 324,0 мың теңге;

Өзгеде қызметтер мен жұмыстар – 16 795,0 мың теңге сомасында;

Ел ішіндегі іс-сапар шығыстары – 838,0 мың теңге;

**Қаржылық нәтиже (пайда) – 2715,0 мың теңге.**

Мектеп директоры



Б.Н.Усманов